



"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сібір-Қазақстан-Урал 1150 кВ транзитін пайдалану жөніндегі мемлекеттік еншілес кәсіпорнын акционерлендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 қараша N 1371

Қазақстан Республикасы энергия жүйесінің Ресей Федерациясы энергия жүйесімен жарыспалы сенімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде:

"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сібір-Қазақстан-Урал 1150 кВ транзитін пайдалану жөніндегі мемлекеттік еншілес кәсіпорнын заңда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырсын;

құрылатын акционерлік қоғамның акцияларын бөлу тәртібін айқындасын:
өндірістік қуаттарды дамыту және қолдау үшін "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сібір-Қазақстан-Урал 1150 кВ транзитін пайдалану жөніндегі мемлекеттік еншілес кәсіпорнының инвестициялық қажеттігін айқындасын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылатын акционерлік қоғамның акцияларын сатуды заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Құрылатын акционерлік қоғам "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сібір-Қазақстан-Урал 1150 кВ транзитін пайдалану жөніндегі мемлекеттік еншілес кәсіпорнының мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК